# Көркем сөз-
# ұлттың ұлы қазынасы

**Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен, Ыбырай Алтынсарин атындағы облыстық балалар жасөспірімдер кітапханасында облыстық «Сөз құдіреті» мәнерлеп жатқа оқу және әртістік шеберлік байқауы өтті.**



Бұл байқауға Арқалық қаласынан Родина орта мектебінің оқушысы Айдана Кәмел қатысты.

Екінші облыстық «Сөз құдіреті» байқауына 17 оқушы сайысқа түсіп, жерлесіміз ынталандыру сыйлығына ие болды.

Негізгі мақсат-саналы да білімді ұрпақ тәрбиелей отырып, еліміздің және өлкеміздің әдеби-мәдени, тағылымға толы тарихи кітаптарын кеңінен насихаттап, тіл байлығын дамыта отырып, шешендік өнерге баулу, оқушының эстетикалық және көркемдік талғамын дамытып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және кітапхана қорында ұйымдастырылатын жалпы кітапханалық ауқымдағы тақырыптық көрмелер арқылы оқырман қызығушылығын зерделеу.

Құрметті біздің сүйікті оқырмандарымыз, осындай тамаша да, қызықты сайыстарға қатысқыларыңыз келсе, біздің № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар бөліміне оқырман болуға шақырамыз!

**Айгерім ӘЛМАҒАМБЕТОВА,**
**№2 ОҒӘК**
**Балалар бөлімінің кітапханашысы.**